



АКТЕР МЕН ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС

МРНТИ 18.45.01

А. Айдынұлы¹

¹Т.Жүргенов атындағы ҚазҰӨА,
Алматы қ., Қазақстан

АКТЕР МЕН ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС

Аңдатпа

Мақалада театр мен кинематографта басты тұлға болып табылатын – актер өнерінің сан қырлылығы қарастырылады. Сөз мәйегін құдіреті мен құпиясы мол тіл арқылы жеткізу, оны ойната да, ойланта да беру – шеберліктің сан-салалы құпияларының бірі. Сонымен қатар, театр мен экран өнерін зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздерін Арнхейм, Беньямин, Лукач, Кракауэрлер, Ахмет Байтұрсынұлы, әсіресе Кракауэр Коэн – Сеа еңбектеріндегі: ғаламдық жалпы заңдылықтар, белгілі сала заңдылықтары, эксперименттік тексеру мен жаңа гипотезалар тәрізді тізбегінде сахнада «кейіпкердің рухани тіршілігін» шынайы көрсету мәселесі қарастырылады. Автор замандас бейнесін жасаудың ұлттық-мәдени контекстегі міндеттерін анықтауға талпыныстар жасаған.

Кілт сөздер: өнер, актер, театр, кинематограф, рөл, ұлттық намыс.

Өнер мен шығармашылық дегеніміз – актердің өз табиғаты, оның жаны мен тәні. Бар тетік, сезік пен тылсым адам болмысында бар дүниелер. Актер табиғаты, негізінен, кәусар сезім, қуаныш пен қайғы, ой мен арман, іс – қимыл, шығармашылық толғаныс сынды күрделі құбылыс. Актер көбіне өз сезімінің түйсігінен нәр алады. Былайша айтқанда, адам қуану не болмаса жабырқау үшін, алдымен түйсінеді,

немесе жабырқайды, содан кейін барып не қуанады, не жабырқайды.

Актердің рөлмен жұмыс жасау кезеңі сценарий немесе пьесаны оқып танысудан басталады. Сол сәттен бастап актер сценаристтің, драматургтың, режиссердің әрі өз рөлінің ұсынған әртүрлі жағдайын ой елегінен өткізіп, көрермен алдына шығарғанынша егжей – тегжейлі зерттейді. Негізінен, актердің рөлге деген көзқарасы, білім тереңдігі,

қиял байлығы, көкірек өресі, жан әлемі, күш – қуаты бәрі ойнаған кезінде байқалады. Осыны түсінген актер өзінің рухани әрі қайрат күшін сарқа отырып, жаны мен тәнін қинап, сахнада «кейіпкердің рухани тіршілігін» шынайы көрсетуге ұмтылады [1].

Адам жаратылғанда өзімен-өзі болады, оны түрлендіретін оның еліктеу қабілеті, шындыққа жанасады дейтін түрлі әрекеттерді өзі ойлап тапқан жүрек қалауы. Шынайы талант қайдан шығады? Басқа кісінің сыртқы көрінісін табуды жақсы үйреніп, өзімізді тыңдап, көріп және оларды біреуге еліктеу арқылы алдап әрі олардың көзқарасын біліп алмайынша; бұдан басқа жолдармен біздің ішіміздегіні бағалау мүмкін емес. Бізге актердың сезінетіні немесе рольді сезінбейтіні соншалықты қажет те емес, әрі оны біз бәрібір білмейміз де. Ғаламат актер – тамаша ойлап табылған ғажап бейненің сыртқы көріністерін әуелі шынайы да терең зерттеп алып, өте ұтымды етіп шығаратын жан (ғаламат актерлерге деген талап та сондай). Өнерге бәрі де еліктейді. Егер актер тек өзі үшін ғана ойнайтын болса, ол бәрібір өз-өзін жоғалтып тынады.

Театр мен кинематограф жастардың көзқарасын, өмірге деген белсенді бағытын қалыптастырып әрі тәрбиелеудегі рөлін зерттеудің әлеуметтік және саяси мәні бар, мұндай қойылымдардың мақсаты қашан да күрделі, арқалар жүгі ауыр. Себебі жас көрермен оңы мен солын жаңа ғана аңғарып, өмірдің кілтін жаңа ұстағандар. Олардың табиғаты сенгіш, еліктегіш. Біз неліктен жас-жеткіншектерге тәрбие берудегі театрдың үлесін көбірек айта бермейміз? Театр арнайы тәрбиеленген ортаға лайықталған әрі бүгінгі жасөспірім театр есігін аша бермейді. Сондықтан да, басқа ақпарат

құралдарынан көрі кино аудиторияны қамту мүмкіндігі жоғары және сөзбен де, көрініспен де қызықтырып, иландырып, әсер етер ықпалдығы басым. Кинофильмдер тек мазмұнымен емес, хабарлама бере білу пішінімен де маңызды, оның аудиториясы қоғамның даму бағытын анықтайтын рухани және әлеуметтік потенциал. Ғылыми-практикалық қызығушылықты тудырған қазақ театры мен кинематография шығармалары түрен түспеген тың тақырып болғандықтан, оның тарихи тәжірибесін теориялық тұрғыдан тұжырымдап, бағытын, мақсат-мүддесін жете зерттеуді қажет етіп келеді. Көрерменге шұғыл әрі қалтқысыз қызмет ету – театр мен кинематографтың қай-қайсының да басты міндеті. Бұл аманат жауапкершілікті заман талабы, уақыт, өмірдің күнбе-күнгі күрделі де құбылмалы сипатқа енуі бірнеше есе ауырлатып тастағандай.

Шын ұлттық мәдениетте әрқашан жалпы адамзаттық үлкен мән-мағына жатады. Ұлы суреткер қашанда тек ұлттық деңгейде, орыс немесе қазақ болып сөйлемейді, жалпы адамзат баласы болып ой толғайды. Бұған ұлы ақын Абайдың сөз бен ой әлемі куә. Ұлы ақын шығармалары нағыз қазақ топырағында туған. Соған қоса ақын шығармаларында Батыс пен Шығыс тұтас келіп, ортақ үйлесім тауып тоғысқан. Міне, қазіргі қазақ мәдениеті қай нәрседе болсын өзінің ұлттық сипатын тот бастырмаймын десе әр жаққа бір жалтақтамай-ақ, өзінің барар бағытын, даму жолын ғажап сөз зергері, кемеңгер ақыл-ой иесі ұлы Абай салған өшпес те өрелі мәдени дәстүр негізінде түзесе нұр үстіне нұр болар еді.

Бүгінгідей нарық қыспағы жағадан алғанда театр мен кинематограф аса қажетті құралға айналып отыр. Кино

экраны елді тұрмыс ауыртпалығынан арылтып, болашағына деген сенімсіз ойларынан бір сәтке серпілту, өмірге деген құштарлығын арттыру мақсатында өз міндетін атқаруда. Актерге де ең қажетті құралдың бірі – ұтымды да әсем тіл екені сөзсіз. «Тіл сөйлеу, сөйлесу, оқу үйрену, жазу мен сызу арқылы өседі. Бұл үшеуінің бірде біріне көңіл аудармау да үлкен қылмыс», – дейді академик жазушы Ғ. Мүсірепов [2, 8 б.]. Тіл тағдырына қатысты өзекті үш мәселенің қайсысын да назардан тыс қалдыруға болмайды. Себебі, жүйе-жүйесімен сөйлей білу қоғамдық саяси, әлеуметтік экономикалық, мәдени рухани өміріміздің сан саласында болсын, бұдан кім-кімнің де бейтарап қала алмайтыны да аян. Сөйлеу мәдениеті, ауызекі тілге қатысты проблемалардың ішіндегі ең маңыздысы. Театрдағы да кинематографтағы да қуатты саналатын екі тетіктің бірі – сөз, екіншісі – көрініс.

Ұлттық тұғыр, ұлттық бағыт-бағдар мәдениет саласы үшін ғана емес, бүгінде бүкіл дүниежүзі үшін ортақ категорияға, ортақ іске айналып отырған нарық экономикасы үшін де қажет. Іргелі ел болудың, қуатты мемлекет болудың ең үлкен тетігі – ұлттық экономиканы көркейте білу керек екендігі әркімге де керек нәрсе. Қай елде болмасын, экономикалық саясат пен ұлт тағдыры өте тығыз байланыста болып келген. Ең алдымен ұлт тағдырын, сол ұлт ішіндегі адам тағдырын ойлап, осы бағытты мықтап ұстанған экономикалық реформа шын мәнінде адам үшін, солардың әлауқатының, күн көрісінің де деңгейін көтеру үшін ғана емес, олардың рухани өсуін, өнері мен мәдениетінің өрлеуін, оқу-білім дәрежесінің биіктеп отыруын қамтамасыз ету үлкен жетістік.

Сахнадағы ойын – мағынаға толы қызмет алаңы. Ойын өмірге

өзіндік бір реңк, сипат беріп тұрады. Өмірдегі әрекеттерге мән-мағына береді. Әрбір ойын бір нәрсені, бір мағынаны білдіреді. Ойынды рух деп атау дұрыс емес болар, ал оны белгілі бір мақсатқа, жеңіске, табысқа бағындырылған, соған бағытталған деп түсіну қажет шығар. Ойын табиғатын рационалды жолмен түсіндіру мүмкін емес, өйткені ойын адам мәнінің тереңінде, тұңғығында жатыр. Ойын ақыл парасаттық сипатта болмайды, ол адам болмысының ирационалды қабатымен де байланысты жетіледі. Ойын элементін мәдениеттен іздесек, онда мәдениет құбылысының ойындық сипаттарға толы екеніне біздің көзіміз жетеді. Мәдениеттегі ойын элементі алдын-ала белгіленген мөлшерде көрініс табады. «Ойын мәдениеттен бұрын қалыптасқанымен, мәдениеттің даму кезеңдерінің барлығында дерлік кездеседі, оларға нәр беріп тұрады. Адам күнделікті тұрмысында, тіршілігінде ойынмен кездеседі. Ойын нақтылы өмірден, күйбең тіршіліктен дараланып, өзгешеленіп тұрады, ойын олардан асқақ, биікте тұрады. Ойын іс әрекеттік форма ретінде көрініс береді, сол іс әрекет формасы нақтылы бір мағынаға ие болып, әлеуметтік қызмет ретінде белгіленеді, – дейді Й.Хейзинга [3, 85 б.]. Ойын – адам өмірінің құралы. «Ойнаушы Адам» нақтылы заттық дүниеден рәміздік әлемге ауысып кетеді. Бұл сипатта бүкіл таңбаларды ойын деп қарастыруға болады. Ойынды дүние шынайы және шартты болып екіге бөлінеді. Тән мен рух жарысында ұту адам бойында жоғары ләззат сезімдерін туғызады. Ойын мәдениеті адамның өз тәні мен рухының жетілгендігінен ләззат алуымен шектелмейді.

Экран өнері ғылымы болса ғасыр өнерінің жоғары деңгейдегі

биігін көрсетеді. Сондықтан да оның заңдылықтары өнер саласының заңдарына сүйене отырып, олардың да қоса дамуына әсер етеді. Кино теоретиктерінің көбіне өз «өнерлерін» зерттеудің орнына жалпылама дерекнамаларға сүйеніп отыратыны белгілі. Базен болса, киноны әдебиет, театр, кескіндемемен салыстырады, психология, философия, эстетика мәселелерімен қатар қояды. Ондай ойды әртүрлі кезеңдерде Арнхейм, Беньямин, Лукач, Кракауэрлер де айтқан. Мысалға, Кракауэр Коэн – Сеадан соң кинематографты ғылыммен салыстырып, оның «зерттеушілік» қасиетін ашқан. Оның ойынша, мынадай тізбек: жалпы көрініс – ірі көрініс – жалпы көрініс келесі жолмен: ғаламның жалпы заңдылықтары – белгілі саланың заңдары – экспериментпен тексеру – жаңа гипотезалар. «Ғылыми зерттеу үдерістері мен құрастырылым бөлігі арасындағы ұқсастық әрқайсысы өз бетінше үлкен жетістікке жетуге талпынып әрі мақсат сапасы – өз табиғатына бұрылуды көздейді» [4, 836].

Өнер – қазақ халқы пайда болғалы серік болған дүние. Халық ауыз әдебиетін, жыр-дастандарын жатқа білетін, екі қазақтың бірі ән айтып, он қазақтың бірі домбыра тартатын халық өнерден ешқашан құралақан болмаған. Қазақта: «ел іші – өнер кеніші» деп бекер айтылмаған. Әдептілік пен салт-дәстүрдің өзі үлкен мәдениеттілік пен өнерліліктен туындаған дүниелер. Қазақта өнерді екі жақты қарастыруға болады: ол – ежелден келе жатқан халықтық сипаттағы өнер және заманына қарай дамып келе жатқан көрсетілім өнер түрі. Ежелден белгілі ауыз әдебиеті, жыр – дастандар, ертегі-аңыздар мен той-томалақтардағы ән-жырлар, бұлар қазақ ұлт болғалы келе жатқан ұғымдар. Ал,

енді проза, поэзия, драма, көркемсурет, би, театр мен кино, ол – адамзат даму үдерісінің саты-сатысында өркениетіне қарай дамып келе жатқан өнер түрлері. Осы салалардың қай-қайсысында болмасын, ұлттық болмыс, ұлттық реңк болған. Қаншама ертегі кейіпкерлері – Ертөстік, Қобыланды, Алпамыс сынды батырлар ғасырдан-ғасырға жетіп, ұлттық рухты биіктетіп келеді. Үлкен сезім мен махаббат жырларына арқау болған – Қыз Жібек пен Төлеген, Айман-Шолпан, Еңлік-Кебек, Біржан-Сара дастандары халықтың рухани байлығына арқау болған дүниелер.

Ұлы ғалым лингвист, әдебиет зерттеушісі, публицист Ахмет Байтұрсынұлы «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде былай дейді: «Сөз өнері адам санасының үш негізіне тіреледі: ақылға, қиялға, көңілге. Ақыл ісі аңдау, нәрселердің жайын ұғыну, тану; ақылға салып ойлау, қиял ісі меңзеу, ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бейнесін ұқсату, бейнелеу, суреттеп ойлау; көңіл ісі түйю, талғау. Тілдің міндеті ақылдың аңдауын аңдағанша, қиялдың меңзеуін меңзегенше, көңілдің түйюін түйгенінше айтуға жарау. Мұның бәріне жұмсай білетін адамы табылса, тіл шама қадырынша жарайды. Бірақ, тілді жұмсай білетін адам табылуы қиын. Ойын ойлаған қалпында, қиялын меңзеген түрінде, көңілдің түйгенін түйген күйінде тілмен айтып, басқаларға айтпай білдіруге көп шеберлік керек». [5].

Бүгінде ата-бабамыз армандаған тәуелсіз елде өркениет жайып жатырмыз. Бірақ, әлі де атқарар істер жетерлік. Зиялы жандардың ұлт тағдыры рөлін кезінде француз ойшылы Сен-Симон: «егер бір уақытта француздардың елу ғалымын, елу фабрикантын, елу агрономын, және елу әртісін жойып

жіберсе, онда француз ұлты болмайды. Ал, сондай уақытта француздың елу мың жұмысшысын, елу мың шаруасын және елу мың қызметкерін жойып жіберсе, онда француз ұлты қалады», – дегені бар. Ол дегеніміз, халықты өркениетті ұлт қылатын шенеуніктер мен тобыр емес, зиялылар! Дүние жүзінде ұлтқа айналған саяси, әлеуметтік халық бұқарасының бірлігі ешқашан болған емес. Сондай-ақ, халық бұқарасынан қолдау көрмеген зиялы топ та ештеңе істей алмайды. Халықты ұлт деңгейіне көтеру, яғни мәдениетті арту – бүгінгі зиялы орта міндеті [6].

Замандас бейнесін жасау барша өнер атаулының асыл мұраты. Бұл ретте көркем шығарманың жолы басқа. Өнер көрермен көңіліндегі сезімді оятуы, оның өмірге деген көзқарасын қалыптастыруға қызмет етуі қажет. Әр көрменің ерекше сәнді бірер суреті, әр концерттің айырықша әсем бірер әні, әрбір хабардың өзгеге ұқсамайтын бірер көріністері болатыны бар. Әлгі көрме, әлгі концерт, әлгі хабардың бейтарап адамға қалдырар әсері өнер перзенттеріне байланысты. Сұрқай сурет, есер ән, жасық көріністерге ренжисің, өкінесің, күйінесің, ақыры ұмытып кетесің. Сымбатты сурет, сиқырлы ән, салиқалы көрініске жаның бір жасайды, қуанасың, рахаттанасың, сергисің. Бір кереметі солардың әрқайсысы да өмірі естен шықпайды. Әр кездері әр түрлі себептерге байланысты ойға орала береді. Кейіпкер жаңалығымен бірге сюжет, композиция, тартыс, суреттеу де жаңаланбақ. Ал, жаңа тұлға табу көптеген мәселелерге тыңнан келуді қажет етеді. Әрине, уақыт өте келе қажеттіліктен туған кейіпкерлер театр сахнасы мен кино қойылымынан да өз орындарын алады. Солар арқылы өмірге басқаша көзқараспен қарау үрдісі,

дағдысы қалыптаса бастайды. Мәселен, спектакльдегі басты тұлғаның бүгінгісі мен кешегісін кезектестіре баяндап, өткен өмірдің ең елеулі тұстарын драматургия тәсілімен көрсету қажет. Оның өткенін айта отырып, сыни көзбен қарау, ой толғау ойынның зор жетістігі. «Кімде-кім әлі байсалды түрде зерттеле қоймаған саланы қолға алғанда, кереметтей тұжырым жасаймын деп үміттенгеннен көрі оның кілтін таба білсе, соның өзін қанағат тұтқаны жөн» – деген кезінде Э.Гросстың өзі жаңа тақырыпты зерттеудің қиындығын біліп айтқан секілді.

Өнер – өзінің ұлттық сипатымен көркем де әсем, халық даналығын бойына сіңіруімен тартымды, халықтың рухани қазынасынан жеткілікті нәр алмаған актер да, режиссер де ешқашан өнердің биік тұғырына көтеріле алмайды. Спектакльдің өн бойындағы ұлттық белгілер өнегелі дәстүр мен бірлікте жалғаса отырып шешілсе, олар киноға да жаңашылдық алып келетін маңызды факторлар екені аян. Өнердегі шеберлік атты ұғым көп қырлы, сан сырлы. Әсіресе, театр мен кинодан, газет пен радиодан әлдеқайда жас теледидар саласындағы шеберлік ұғымының ашылмаған қатпарлары қыруар. Соған қарамастан актерлар өз мүмкіндіктерін жан-жақты жетілдіре түсіп, кәсіби шеберліктің теориялық тереңіне бойлай беруін уақыттың өзі қажет етіп отырғандығы айқын. Күрделі де күрмеуі мол шеберлік мәселелерін зерттеуші Б.И. Бурсов былай түсіндіреді: «Шеберлік өз ісіңді шебер меңгеру, қандай жағдайда, қандай кезеңде болсын, еңбегіңнің жемісті шығуына жетіле беру керек деген сөз. Сондықтан да шеберлікті белгілі бір әдіспен, тәсілмен, тәжірибемен келген икемділік пен тағы басқа осы сияқты жайлармен қатар

қоюға болмайды. Шеберлік дегеннің өзі істің мәнін айқын түсіну, жазайын деп отырған шығарманың мазмұнын, бағытын атқаратын міндетін жан-жақты айқындап, оны терең және нәзік сезіну, сөйтіп, көздеген мақсатқа жету жолында мамандықтың әртүрлі тәсілін меңгере білу. Шығарма жазудың барысында осы жайларды ескере отырып, шеберлікті барған сайын жетілдіре беру керек.

Өйткені, еңбек жемісі адамның күшеюуінің нәтижесінде пайда болады. Міне осы еңбек жемісінің сапасын байқап, біз енді соны шығарушының шеберлігін байқаймыз» [7]. Сөйтіп шеберлік дегеніміз, әрқайсысы бөлек-бөлек мақсат та, мазмұн да, мән де, түр де емес, керісінше, бұлардың барлығын тұтас қалпында жан-жақты меңгеру тәсілі екен.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Құндақбаев Б. Театр туралы толғау. – Алматы: Өнер, 2006. – 320 б.
2. Мүсірепов Ғ. Ықпалдастық пен мүдделестік // Егемен Қазақстан. – 1997. – 13 ақпан.
3. Хейзинга Й. В тени завтрашнего дня / пер. с нидерл. В. Ошиса. – М: Изд. АСТ, 2004. – 539 с.
4. Кракауэр Э. Природа фильма. – М.: Искусство, 1974. – 235 с.
5. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
6. Бурсов Б. Избранные работы в 2-х томах. СПб: Художественная литература, 1982. – 608 с.
7. Рахманқызы Н. Бүгінгі қазақ киносының кейіпкері // Орталық Азия өнертану журналы. – 2016. – №1. – Б. 106 – 107.

АКТЕР И НАЦИОНАЛЬНОЕ БЫТИЕ

А. Айдынулы

Казахская национальная академия искусств им. Т. Жургенова (Алматы, Казахстан)

Аннотация

В статье рассматриваются разнообразные качества актерского искусства в театре и кинематографе, которые считаются главными. Актер, владеющий мастерством слова, с помощью игры по-настоящему через своего персонажа доносит до зрителя основную идею драмы или фильма. Автор раскрывает теоретико-методологические задачи исследования театра и экранных искусств в трудах Арнхейма, Бенямина, Лукача, Ахмета Байтурсынова и особенно Кракауэра и Коэн-Сей. Это взгляды, опирающиеся на всеобщие законы мира, законы известного направления, экспериментальные опыты и новые гипотезы в системе «духовного существования персонажа» на сцене. Автором сделана попытка раскрыть образ «современника» в культурно-национальном контексте.

Ключевые слова: искусство, актер, театр, кинематограф, роль, национальная гордость.

ACTOR AND NATIONAL EXISTENCE

A. Aidynuly

T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts

Abstract

The article discusses the various qualities of acting in theater and cinema, which are considered the main feature. An actor, who mastered verbal skills, truly communicates the main idea of a drama or a movie through the character. The author reveals the theoretical and methodological problems of research of theater and screen arts in the works of Arnheim, Benjamin, Lukacs, Ahmet Baitursynov, and especially of Krakauer and Cohen-Sea. These are the views based on the universal laws of the world, the laws of a certain trend, pilot

experiments and new hypotheses in the system of "spiritual existence of the character" on stage. The author made an attempt to describe the image of a "contemporary actor" in the cultural and national context.

Keyword: art, actor, theater, cinema, role, national pride.

Автор туралы мәлімет: Айбек Айдынулы, Т.Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер академиясының 2-курс магистранты. Ғылыми жетекшісі: профессор Абильдина Г.Б.

Сведения об авторе: Айбек Айдынулы, Казахская национальная академия искусств им. Т. Жүргенова, магистрант 2-го курса, Алматы, Казахстан.

Author's data: Aibek Aidynuly, T. Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts, 2-nd year Master Degree student, Almaty, Kazakhstan.